

ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қазақстандық оқушылар құрама командасы сапында шығысқазақстандықтар да белсене қатысуда. Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында математика пәнінен өткен олимпиадада Өскемен қаласының тоғызыншы сынып оқушысы Игорь Ганичев күміс жүлдеге ие болды.

Ал, Индонезияда физика пәні бойынша өткен азиялық олимпиадада Семей қаласының он бірінші сынып оқушысы Жәнібек Әлпішев қола жүлдені жеңіп алды. Алты халықаралық пәндік олимпиадаға қатысқан қазақстандық 28 оқушының 17-і жүлделі орындарды иеленді.